



• ДЕНСАУЛЫҚ

Жедел жәрдемде жаңа орталық

Қарағанды облыстық жедел медициналық жәрдем станциясының базасында симуляциялық оқу орталығы ашылды. Мұнда жедел жәрдем қызметкерлері, сондай-ақ, барлық тілек білдірушілер оқып, жаңа реанимациялық әдістерді үйрене алады. Төрт симуляциялық орталыққа халықаралық стандарттарға сай келетін заманауи жабдықтар сатып алынған. Ересектер мен балалардың негізгі және кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясына арналған манекендер әкелінген.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Муляждар адам анатомиясын дәлме-дәл қайталайды, бұл реанимациялық шаралар кезінде процесті бақылауға көмектеседі. Сондай-ақ, апат пен төтенше жағдай кезінде жаракат алу тренажерлері және босану терапиясына арналған тренажерлер бар.

Облыстық жедел жәрдем қызметінде 1500-ге жуық адам жұмыс істейді, оның ішінде, дәрігерлер, фельдшерлер, жүргізушілер бар. Бұл орталық қажеттіліктен туындады. Енді тұрақты негізде шақыртуларға шығатын әрбір қызметкер өзінің кәсіби дағдыларын ұдайы шыңдай алады. Қарағандының бес қосалқы станциясының, Саран, Шахтинск, Абай, Теміртау және Балқаштың дәрігерлері мен фельдшерлері оқитын болады. Біздің орталыққа және аудандық қосалқы станциялардың қызметкерлеріне бару мүмкіндігі бар, – дейді облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі директорының орынбасары Ардақ Науанова.

Симуляциялық орталық базасында «Үздік жедел жәрдем бригадасы – 2023» байқауы өтті. Байқауда жеңімпаз атанған Балқаш командасы өз білімі мен дағдыларын шыңдап, манекен көмегімен дайындауда. Тамыз айында балқаштықтар Семейдегі республикалық байқауда Қарағанды облысының атынан қатысып, біліктілігін көрсетеді.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

«Бабамыздың үні сенсің, Домбыра!»

Арқа аспанында алапат рух қалықтаған күй-керуені кешегі күні елді елең еткізді. Дәлірек айтқанда, Ұлттық домбыра күнінде бір мезетте қасиетті қара домбыраны жанына балаған 600 домбырашы орталық саябақта Дәулеткерейдің «Қосалқа», Құрманғазының «Балбырауын» және «Адай» күйін күмбірлетті. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі бас, балдырғандар қос болған күй мерекесі – бұл күннің қадір-қасиетін және бір паш еткендей-ді. Мұндай мәні зор игі іске ұйытқы болған – облыс әкімдігі мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы.



Облыстағы балалар музыка және өнер мектептерінің оқушылары, домбыра үйірмелерінің қатысушылары, фольклорлық ансамбльдер, қазақ оркестрі, мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қатысушылары, домбыра сыншыларының ұстаздары бір сәтте біртұтас ансамбльге айналғанды.

Қазақ домбырамен бірге жасасып келеді. Домбыраның үнінде тарих, салт-дәстүр, құндылық бар. Содан да, сірә, домбыра мен күй ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жалғасып келе жатыр. – Домбыра – қазақ елінің көнекөз шежіресі. Жанымыздың айнымас бөлігі. Қазақ халқының көнеден келе жатқан ұлттық аспабы. Халқымыздың асыл қазынасы, ұлттық мұрасы, бабалар аманаты. Қазақ халқы әрқашан домбыраны қадір тұтып, төріне іліп, қастерлеген. Ұлт аманатына айналған домбыра өз қасиетін жоғалтпақ емес. Осындай игі шаралар елдің рухын көтереді, – деді халық шығармашылығы

бөлімінің әдіскері Әсем Алпысбайқызы. Жиналған қауым назарына домбыраның шанағынан Тәттімбет, Қазанғап, Дина, Сүгір сынды күй алыптарының туындылары ұсынылды.

Сонымен қатар, саябақ сахнасында «Арқа сазы» фольклорлық-хореографиялық ансамблі «Домбыра – думан» мың бұралған би композициясын халыққа паш етті. Кеште тек күй ғана орындалып қоймады. Дәстүрлі әндер де дәріптелді. Өнер кешіне домбыраны жанына серік еткен дәстүрлі әншілеріміз Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов, Меруеш Башай, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Ержан Базарбеков, Құрманғазы Ыбышев, Медет Осатаев, Дулат Аханов, Гүлмира Тапай, Ришат Шәбденов ән әулетті. Баулан Шолақтың «Ғалия», Құрманғазының «Серпер», К.Әзірбаевтың «Көк шолоқ», Дәулеткерейдің «Көрөглы», А.Сейдімбек

тің «Дәурен-ай!», Н.Тілендиевтің «Махамбет», Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» сияқты әндері көптің көкейіне қонақтап жатты.

Қазақтың ұлттық аспабы қасиетті домбыраны ұлықтап, ұлттық рухты асқақтатып, мәдени мұраны сақтау мақсатында бекітілген мереке жыл сайын қанатын кең жайып, халықтық мейрам сипатын иеленіп келеді.

Оған дәлел – осы күні Әлихан Бөкейхан ауданындағы Майқұдық орталық саябағында бір мезгілде 300 адам күй шертуі. Күй тартуға қабілетті 7 жасан 60 жасқа дейінгі барша ықылас танытушылар тартылды. Оның арасында қарапайым қала тұрғындары да бар. «Домбыра – бабалардың аманаты» аталған флешмобы жер-жерде жалғасын тауып жатты.

Қарақат ҚУРМАСHEBA, Л.Гумилев атындағы ЕҮУ-дың II курс студенті

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Ұлттық басылым күні бекіді

Мереке күнтізбесі тағы да бір атаулы күнмен толықты. Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі 2 ақпан – Ұлттық басылым күні болып бекітілгенін Facebook парақшасында жариялады. Бұл мерекенің дәл осы күнге нақтыланғандығының өз мәнісі бар.

Сағыншы ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Бастауында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялылары тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі осыдан 110 жыл бұрын 2 ақпан күні жарық көргені белгілі. Алаш ардақтыларының қолтаңбасы қалған газет ұлттық ренессанстың қайнар көзіне айналып, халқымыздың ақыл-ойын, сана-сезімін бөлек арнаға бұрды, – дейді министр.

Осыған дейін Мемлекет басшысы Қазақ радиосының 100 жылдығы аясында 1 қазанда «Радио қызметкерлерінің күні» деп ресми атаған-ды. Енді алдағы уақытта журналистер үшін тағы да бір мереке белгіленіп отыр.

Мереке мамыр айында жарияланған Үкімет қаулысының жобасына сай бекітілді. Онда Ресей, Әзірбайжан, Тәжікстан, Қырғызстан секілді елдерде ұлттық басылымның алғашқы шыққан күнін атап өту дәстүрге айналғандығы туралы айтылған. Соған орай, қазақ басыласөзінің бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы санының шығу тарихын да маңызды күнге айналдыру басты назарға алынды. «Қазақ» – 1913-1918 жылдар аралығында жарық көрген қоғамдық-саяси және әдеби газет. Бірінші нөмірі – 1913 жылы 2 ақпанда шықты. 1915 жылға дейін газет аптасына бір рет, кейін аптасына екі рет шықты. Газеттің жарық көруіне қаржылай көмектескендердің қатарында Мұстафа Шоқай тұрды. Газеттің 265 нөмірі жарық көрді. Басылымның ұйымдастырушысы және газет редакторы – Ахмет Байтұрсынұлы.

• ӨЗЕКТИ

Ойын алаңының сапасы ойлантады

Бейкамдық сәтсіздікке бастайды. Әдетте біреудің немқұрайлылығы екіншісіне таяқ болып тиіп жатады. Мәселен, қатты жеңіл салдарынан Қарағандының ойын алаңында ойнап жүрген балалар жасанды көгалмен бірге ұшып кетіп, зардап шекті. Бұл оқыс оқиға біраз жайттың басын ашты. Оның негізгілері – жауапсыз басшы, балалар ойын алаңының сапасы, бала қауіпсіздігі мәселелері, т.б. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев аудан әкімі орынбасарын қызметінен босатып, тиісті мекемеге ойын алаңының қауіпсіздік шараларын қатан сақтауды тапсырды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Оқыс оқиға «Көгілдір тоғандар» шағын ауданында 19 маусым күні болды. Ойын алаңында жасанды көгал бекітілмегеннен, онда ойнап жүрген балаларды көгалмен қоса жел ұшырып әкетіп, сегіз жастағы бала бас жаракатып, тоғыз жастағы бала орташа ауыр жаракат алды. Қала әкімі Мейрам Қожухов бұл көгалдың әлі пайдалануға берілмегенін желдегі парақшасында жазды.

«Бұл жасанды көгалды жаумен мердігер ұйым өткен аптадан бастап айналыса бастаған еді. Ол периметрі бойынша ғана бекітілген, бірақ пайдалануға берілмеген, себебі ойын элементтерін орнату керек болатын. Ата-аналардан осындай ауа райында балаларды қараусыз қалдырмауын сұраймын», – деді қала әкімі.

Көп ұзамай аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев осы оқиғаға қатысты Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің ауаларды абаттандыруға жауапты орынбасарын жұмыстан шығаруды талап етті. Сондай-ақ, тиісті мекемеге қалада қауіпсіздікті күшейту үшін абаттандыру ережелерін қайта қарау керектігі жөнінде тапсырма берді.

– Өткен аптада төтенше жағдай орын алды. Ересектердің немқұрайлылығынан екі бала зардап шекті. Мен бірнеше рет ескерттім және тағы да қайталаймын: ойын алаңдарында ең алдымен қауіпсіздікке мән беріңіздер! Футбол қақпалары мен сәулет



нысандарын тексеріп, нығайтыңыздар, ештеңе құлап жатпауы керек. Мердігерлер асығыстық танытып, тезірек ақша алғысы келеді, ал кейбір әріптестеріміз бұған көз жұмады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев аппараттық кеңесте.

Ол қала әкіміне Әлихан Бөкейхан ауданы әкімінің орынбасарын жұмыстан шығаруды тапсырып, құқық қорғау органдарына мердігердің жауапкершілігіне құқықтық баға беруді сұрады.

Қарағанды қаласының тұрғында-

монтаж жасалу керек. Жақында Майқұдықта болған оқиғадағы нәтижені күтудің қажеті жоқ. Барлық мердігерлер қатан бақылауға алынсын, – деп баса айтты Ермағанбет Бөлекпаев.

Әр ата-ана бауыр еті баласы үшін

алаңдайды. Әсіресе, ойнайтын жері қауіпсіз болғаны маңыздырақ. Өйткені, бала ойынмен өседі.

Жел ұшырып әкетіп, жерге соғылып, ауыр жаракат алған балалар күні кеше ауруханадан емделіп шықты.

– Балалар жаз мезгілінде көбінесе далада ойнайды. Көзден таса қалдыруға қорқамыз. Жазым деген аяқ асты. Күні кеше газонмен бірге ойнап жүрген баланы жел ұшырып әкеткен оқиғаны естіп, ата-аналар алаңдап қалды. Кейін салынған ойын алаңдарының сапасы мән емес екенін көзіміз көріп жүр. Балаларымыз ойнайтын жер тұра жолдың жиегінде. Ойнап жүріп, жолға шығып кете ме деп алаңдаймыз. Ойын алаңы ескілеу, дегенмен, балалар үшін қауіпсіз, – дейді қаладағы Карл Маркс көшесінің тұрғыны Гүлзахан Жылкелдіқызы.

Қала ішінде тозығы жеткен ойын алаңдары көп. Қарағанды қалалық мәслихатының депутаттары өткен аптада қаладағы бірнеше балалар ойнайтын алаңды аралап шықты. Қарағандыдағы Перронная, Вагонная, Защитная көшесіндегі балалар ойын алаңының кемшіліктерін көріп, бұл мәселелерді шешу жолдарын талқылады.

Ал, Қазыбек би ауданындағы аудан әкімдігінің жоспарлау және абаттандыру бөлімінің басшысы Нариман Итқарин ойын алаңдарының сапалы болуына тұрғындар жауапкершіліктен қарауы керек дейді.

– Биыл Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы бойынша 15 аула абаттандырылды. Бұдан басқа, асфальт төселіп, бордюрлер қойылады, екі спорт корты салынады. Алаңдарды бақылауға келер болсақ, мердігерлер жіберген кемшіліктер ескеріледі. Тұрғындар ойын алаңына жауапсыз қарайды. Салдарынан жабдықтар сынады. Тұрғындар осыны ескерсе дейміз, – дейді Нариман Итқарин.



• АГЕНТТІК ТӨРАФАСЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Мемлекеттік қызметте жаңаша серпін

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында аймақтың мемлекеттік қызметшілерімен және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттерімен кездесу өткізді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтың мемлекеттік қызметшілерімен кездесуінде агенттік басшысы мемлекеттік қызмет саласындағы соңғы өзгерістерге тоқталды. Мемлекеттік аппараттың жұмысын бюрократиядан арылту, мемлекеттік органдардың басшы және орындаушы құрамдарының ара қатынасын регламенттеу, мемлекеттік қызметшілерді ротациялық төлеммен қамтамасыз ету, жұмыс кестесінің сақталуын бақылау, «Е-қызмет» жүйесін жаңғырту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде егжей-тегжейлі айтып берді.

– Азаматтардың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік аппарат жұмысы тиімділігінің негізгі көрсеткіші. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кір келтіретін бюрократияға, көзбояушылық формализмге, жұмыстың имитациялық сипатына және қызметтің жасанды декларативті элементтеріне жол бермей, жұмыс тәсілін өзгертіп, жаңаша серпінге қадам жасауы тиіс, – деді Дархан Медегалыұлы.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мемлекеттік қызмет саласында оқу орындарын үздік бітірген тұлғаларға жасалып жатқан жеңілдіктерді жоғары бағалап, жас мамандардың мемлекеттік қызметке орналасуының тұтастай алғанда мемлекеттік қызмет жүйесіне оң әсерін тигізетінін атады. Бұл жастарды ауылдық жерлерге тарту-



да жақсы ынталандыру екенін баса айтты.

Сонымен қатар, агенттік басшысы облыс әкімімен бірге қала тұрғындарына қызмет көрсетіп, кеңес беретін «Open Qaragandy» фронт-кенесіне және «Senim 109» бірінғай үйлестіру орталығына барды. Оның жұмыс барысымен танысты.

Дархан Жазықбаев мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бірінші кезекте халық үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында жүргізіліп жатқанын және бұл қоғамның сенімін арттыруға ықпал ететінін жеткізді.

Бүгінде агенттік мемлекеттік

қызмет көрсету сапасын арттыру, мемлекеттік бақылауды жетілдіру аясында шағымдарды күпестен, қашықтан мониторинг жасайды. Құқықбұзушылық орын алса, заңдылықты қалпына келтіру үшін жұмысты бастап кеткенін атап өткен жөн. 2022 жылы облыста 18 миллионнан астам мемлекеттік қызмет электронды түрде көрсетілген. Қарағанды облысы жергілікті атқарушы органдар рейтингінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша алғашқы бестікке кіреді. Бұл аймақ халқының қанағаттану деңгейін бағалауда 5 балдық шкаладан 4,48 балды құрайды.

Сондай-ақ, сапар барысында Дархан Жазықбаев Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне арнайы барып, студенттермен кездесу өткізді. Ашық әңгіме барысында ол бүгінгі таңда мемлекеттік қызметке жастарды тарту жөнінде, агенттік қызметі туралы, оның ішінде Президенттік жастар кадрлық резерві жайлы сөз қозғайды. Қазіргі таңда

Кәсіпкерге бөлшек салық төмендейді



Жалпы, бизнес жүргізуді жеңілдету үшін қандай қаламдар жасалып жатқаны кезекті аппараттық кеңесте талқыланды. Қарағанды облысы бойынша бөлшек салық мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылданды. Бұл – аймақтағы бизнес-ахуалды жақсартуға мүмкіндік беретін шаралардың бірі.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Игі жаңалықтың бірі – жергілікті өкілді органдардың бөлшек салық мөлшерлемесін 50 пайызға дейін төмендету құқығы. Бұл бизнеске жүктемені айтарлықтай азайтуға мүмкіндік бермек. Біздің облыс республикада алғашқылардың бірі болып, Мемлекет басшысының бастамасын қолдады. Бүгінгі таңда облыстың барлық қалалық және аудандық мәслихаттары бөлшек салық мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады, – деді кәсіпкерлік басқармасының басшысы Дастан Құдабаев.

Сонымен қатар, ол жыл соңына дейін барлық монополист компаниялардың желілеріне қосылуға техникалық шарттар беруді автоматтандыру міндетін қойды.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында облыста шағын және орта бизнесіне жұмыспен қамтылғандардың үлесі өсуде. Кәсіпкерлік басқармасының мәліметінше, жарты жылда 4,8 мың жаңа шағын кәсіпорын, 5,7 мың жұмыс орны ашылған. Бар мәселелерді оңтайлы шешу мақсатында мемлекеттік және құқық қорғау органдары, бизнес-қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен сараптамалық кеңес жұмыс істейді.

Мемлекеттік бақылауды жетіл-



Спикердің айтуынша, бұл қолдауды 190 қызмет түрі бойынша 35 мыңнан астам кәсіпкер пайдалана алады. Бұл ретте олардың қызметкерлерінің саны 200 адамнан, ал жылдық табысы 600 мың айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

Облыста мемлекеттік қызметтер электрондық форматқа ауысқалы жөніндегі кәсіпкерлер жер учаскесін онлайн режимде ресімдей алады.

«Жер мәселелерін барынша ашық шешу қажет», – деп атап өтті өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

діру туралы өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов айтып берді.

– Бизнесі жүргізу жеңілдігінің рейтингі – біздің жұмысымыздың көрсеткіші. Өңірдің бизнес-климатын жақсартумен үнемі және жүйелі түрде айналысуымыз керек.

Отандық және шетелдік бизнестің инвестицияларын тарту – басты міндетіміз екенін баршасы түсінуі тиіс. Бұл – жаңа жұмыс орындары мен облыс тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

• ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

Жол – бес сатылы бақылауда

2020 жылдан бері жүргізіліп жатқан облыстық маңызы бар «Абай-Қарабас-Жартағ-Долинкa» автожолындағы қайта жаңғырту жұмыстарының барысы қалай? Ондағы асфальт төселуі тиіс жолдың ұзындығы – 21 шақырым. Осы жөнінде облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Максұт Қожанов әлеуметтік желіде өткен тікелей эфирде бөлісті.

Салтанат ШИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Жол жөндеу жұмыстарында автокөлік қозғалысына кедергі келтірмес үшін уақытша айнама жолдар қарастырылған. Мердігер «Прогресс КЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Жолдың 15 шақырымына маусым соңына дейін ұсақ түйіршікті асфальт-бетон төселуі ұлгереміз» деп уәде етіп отыр. Одан бөлек, сегіз су өткізу құбыры да қарастырылған. Бұл үшін биыл 2,2 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінген.

– Нысанды толық аяқтау үшін тағы шамамен 1,9 млрд. теңге керек. Келесі жылы Долинкa кентінің басты көшесін қоса алғанда, үш су өткізу құбырын, жолдың алты шақырымын жөндеу көзделген. Одан

бөлек, аялдама павильондарын, жол белгілерін дұрыстау, еңістерді абаттандыру назарда, – дейді Максұт Қожанов.

Жол жөндеуші компания Долинкa кентінің тұрғындарын 10 шілдеде жол ашыларына сендіреді. Жұмыс сапасы қатаң техникалық және авторлық қадағалауда. Өзірге мердігерге қатысты айтарлықтай шағым жоқ. Шағым түссе, уақытылы ескеріліп, кемшілік жойылады.

– Автожолды қайта жаңғырту кезінде бес сатылы бақылау жүргізілуде. Бюджет қаражаты бөлінеді деген жұмыс сапасына тиісті назар аудару қажет, – дейді Максұт Жолдыбайұлы.

«Қауіпсіз қала» жауапкершілікті күшейтті

2021 жылдың қазанынан Қарағанды, Теміртау, Саран қалалары мен Осакаров кентінде «Қауіпсіз қала» жобасы жұмыс істегені 2726 бейнебақылау камерасы орнатылған. Одан бөлек, жол қозғалысы ережелерін бұзатындарды тіркейтін 86 кешен іске қосылған. Нәтижесінде, жол-көлік оқиғалары да азайған. Мәселен, 2023 жылдың 5 айында 2022 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда көрсеткіш 16,2%-ға төмендеген.

Салтанат ШИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бақылау аумағында автокөлік трафиігін тіркейтін және жылдамдықты арттырған оқиғаларды

анықтайтын 70 аппараттық-бағдарламалық кешен бар. Сондай-ақ, жол қиылысындағы бағдаршамның тыйым салу мен аялдама сызығына шығу ережелерін бұзу оқиғаларын анықтайтын 16 кешен

жұмыс істейді.

Одан бөлек, Абай, Шахтинск қалалары мен Шахан, Долинкa және Северо-Западный кенттеріндегі бейнебақылау камералары бірінғай қалалық бейнебақылау

жүйесіне қосылған. Бейнебақылау камерасының бәрі Қарағанды қаласындағы жедел басқару орталығына біріктіріледі.

Биылғы шілдеде жол қауіпсіздігі ережелерін бұзуды анықтайтын бейнебақылау камералары мен кешендерінің санын ұлғайту жоспарда екенін айтады облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызмет көрсету және мұрағаттар басқармасы.

Ықылас болса, мүмкіндік бар

Облыста бүгінде мүмкіндігі шектеулі 55 396 адам тұрып жатыр. Мүмкіндігі шектеулі жандар деп ортақ санатқа біріктірілгенімен, олардың әрқайсының жағдайы бөлек. Денсаулығының жайы, әлеуметтік жағдайы, қоғамға бейімделуі түрліше. Соның арасында жұмысқа қабілеттілеріне жұмыс тауып беріп, өмір сүру сапасын жақсарту – мемлекеттің міндеті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы ұсынған дерек бойынша аймақтағы жұмысқа қабілетті тұрғындардың саны 550 мыңға жуықтайды. Оның ішінде мүмкіндігі шектеулі бірақ, еңбекке жарамды 31 мыңнан астам адам бар. Жұмыспен қамтылған мүмкіндігі шектеулі жандардың үлесі – 37,1%. Бұл ретте ел көлеміндегі жоспар 25% екенін ескерсек, аймақ бұл бағытта біршама ілгері тұр.

Қуаныш Мусин – үшінші топ мүгедегі. Ол екі айдан бері «Жастар практикасымен» Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде жұмыс істеп жүр. Оқу бітіргеннен үш жыл өтсе де, мамандығы бойынша жұмысқа енді кіріскен.

– Дипломды пандемияның уақытында алғандықтан, тиісті тәжірибе-ден өте алмадым. Кейін осы себепті жұмысқа да орналасты алмадым. Дегенмен, жай жұмыстар істеп жүрмін. Қазір департаменттемін, бас маманның міндетін атқарамын. Мұндағылар жақсы нәтиже көрсетсем, тұрақты жұмысқа қалдыратындарын айтты, – дейді ол.




«Жастар практикасымен» Қуаныш Ерқанатулынан басқа үш адам бар. Сонымен қатар, «Алғашқы жұмыс орны» жобасымен – 3 адам, «Күміс жас» жобасымен 51 адам жұмыспен қамтылды. Одан бөлек, әлеуметтік жұмыс орындарына – 17 адам, қоғамдық жұмыстарға 256 адам жіберілгені. Бұлардың барлығы мүмкіндігі шектеулі жандар.

Өткен айдың басындағы дерек бойынша облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына барлығы 1024 мүмкіндігі шектеулі адам жұмыс іздеп барыпты. Оның 261-і – жастар. Нәтижесінде 508-і жұмысқа орналастырылған. Жалпы,

биыл басқарма мамандары 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында мүгедектігі бар 700 адамды жұмыспен қамтуды жоспарлап отыр.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамтудың негізгі әдісі – жұмыс орындарының квотасын ұсыну. Бұл санаттағы жандар үшін жұмыс орны санына байланысты 2-ден 4% көлемінде квота бекітіледі. Квота ауыр, қауіпті, еңбек жағдайлары зиянды жұмыс орындарынан берілмейді. Биылғы жылға 49 кәсіпорын бекітілген. Аймақта өндірісті өлке болғандықтан, көпшілік кәсіпорындар денсаулыққа зиянды. Сондықтан, барлығына квота берілмейді.

Сонымен бірге, мүмкіндігі шектеулі жандарға грант беру ісі де қолға алынған. Бұл да болса, өзін-өзі жұмыспен қамтуға мүмкіндік.



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ –
БАЯНДЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Осы айдың басында барлығы 61 грант берілген. Оның 42-сін мүмкіндігі шектеулі жандар, 19-ын мүмкіндігі шектеулі бала асырап отырған отбасылар алған.

Грант алып, кәсібін ашқандардың ішінде Дастан Құсайынов алғашқылардың бірі болды.

– Грантты наурызда алдым. Жобам – жұмыс қолғаптарын шығару. Арнайы станогын сатып алғанмын, жұмыс жүріп жатыр. Табысыз емес. Өзім бүйрегім ауырғанша электромонтажбен айналысқанмын. Бүйрек ауыстырғаннан кейін ол жұмысты жалғастыруға денсаулығым келмеді. Гранттың көмегімен кәсібімді ашуға мүмкіндік алдым, – дейді ол.

Елде мүгедектігі бар 100 мың адам жұмыспен қамтылған. Бұл – еңбек жасындағы мүгедектігі бар адамдардың төрттен бірі ғана. Мұны Мемлекет басшысы да: «Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі 410 мың адам еңбекке қабілетті. Олардың тең жартысы қалыпты еңбек жағдайында жұмыс істей алмайды. Яғни, 120 мың адам жұмысты қажет етіп отыр», – деп айтқан еді.

Яғни, мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту мәселесі әлі де өзекті. Өсіресе, оның мерзімдік емес, тұрақты болуы маңызды.

РЕСМИ

1 шілдеден қандай жәрдемақы өсті?

Әлеуметтік кодекстің 1 шілдеден бастап күшіне енуіне байланысты азаматтардың жекелеген санаттары үшін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері, сондай-ақ, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша төлемдер 14,5 пайызға өсті. 7 және одан да көп бала тәрбиелеген, марапатталған аналарға берілетін жәрдемақы 7,4 айлық есептік көрсеткішке дейін артты. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

тағайындалған адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы бар.

«Осылайша, жоғарыда аталған жәрдемақы түрлерін 2022 жылмен салыстырғанда осы жылғы 1 қаңтардан бастап 8,5 пайызға өсуді ескере отырып, 23 пайызға ұлғайту қамтамасыз етіледі. Бұл мақсаттарға республикалық бюджеттен

отырған анасына немесе әкесіне, асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды 14,5 пайызға арттыру көзделген», – деп мәлімдейді министрліктің баспасөз қызметі.

Әлеуметтік кодексте сонымен қатар, «Алтын алқа» алқасымен

ЖАС ҚАЛАМ

Мен неге журналист болғым келеді?

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды, әрі жауапты қадамның бірі. Себебі, бұл шешім болашағыңды, тұтас өміріңді өзгертеді. Қазір мен болашағымның негізі болар мамандық таңдау үстіндемін. Менің ойымша, әрбір адам өз түйсігіне сеніп, жүрек қалауымен мамандығын таңдауы керек. Сонда ғана біреулер үшін бітпейтін, шаршататын жұмыс ол үшін жанына рахат сыйлар іске айналады.

Менің таңдауым – журналистика. Кейбіреулер сияқты бала кезден армандадым дей алмаймын. Техника жағына барамын деп жүрген едім. Бірақ, соңғы екі-үш жылда осы бір мамандықтың маңызын байқап келемін. Себебі, бүгінгі күні айналамыздың барлығы ақпарат. Ол барлық жерде. Қазір болған жайттан барлығы хабардар болып отырады. Бірақ, оның пайдасы мен зиянын, расы мен өтірігін еске білу керек. Мен осыны үйренгім келеді. Ақпарат ағынының заманында мен де сол үдеден шыққым келеді.

Журналистика – қиын да қызықты мамандықтардың бірі. Бұл мамандық сауаттылықты қажет ететінін түсінемін. Сауатты адам – мәдениетті, әдепті адам. Сондай-ақ, тапқырлық, шыдамдылық пен бағындылық қажет етеді. Меніңше, жаңа қоғамды қалыптастыру үшін оның адамдары да жаңаша ойлайтын болуы керек. Сол қоғамды құруға атсалысатын жан журналист

болуы тиіс. Сондықтан, оның өзі де көкірегі ояу боп, қоғамдық ахуалды түсіне білгені жақсы.

Журналистика журналистика болып қалыптасқаннан бері адам мен қоғамды, билік пен халықты жалғастырушы көпір қызметін атқарып келеді. Яғни, бұл мамандықтың қоғамдағы рөлі аса зор. Оның төртінші билік атануы да содан.

Қазіргі уақытта талапты жастарға мүмкіндік мол. Жастардың жан-жақты маман болып қалыптасуы үшін елімізде барлық жағдай жасалған. Жүрегіме жақын мамандығымды таңдап, еліме пайдасы тигізетін маман болсам деймін. Жалпы, жаман мамандық болмайды, нашар маман болады деп ойлаймын. Сондықтан, қандай мамандықты таңдаса да, бастысы, сол істің маманы болуға тырысу керек.

Ерасыл БЕКЗАТҰЛЫ,
№66 мектеп-лицейінің түлегі

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа кодексе аясында 2023 жылғы 1 шілдеден бірқатар мемлекеттік жәрдемақы түрі орта есеппен 14,5 пайызға көбейді. Атап айтқанда, ол тізімде мүгедектікке байланысты, асыраушысынан айырылғанда тағайындалатын жәрдемақылар, арнайы әлеуметтік жәрдемақылар, мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейін жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне қосымша ақы алушыларды қоспағанда, жасына байланысты зейнетақы төлемдері немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар, Байқоңыр қаласында тұратын және Ресей Федерациясының заңнама-сына сәйкес мүгедектігі бойынша зейнетақы алатын 7 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, саяси қуғын-сүргін құрбандарына немесе



саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы

қосымша 37 млрд. теңге бөлінді. Бұдан басқа, 2023 жылғы 1 шілдеден бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамға және мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп

наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталғандарға төленетін жәрдемақы мөлшерін саралау да қарастырылған.

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Сарбаздарға құқықтық сабақ

Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшылығына қарасты Қарағанды гарнизонының 6505, 5451, 5516 әскери бөлімдерінде жаңа жазғы оқу кезіні басталды. Өңірлік қолбасшылықтың жеке құрамның алғашқы мемлекеттік-құқықтық дайындығы сабағын өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сәкентай Шекербеков ашып берді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол өз сөзінде ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 5 мамырда өткізген Бүкілмемлекеттік кеңесте маусым айындағы ІІМ алқа отырысында қойған талаптарын жеткізді. Жоғары сенім білдіргеніне тоқталды.

– Жаңа оқу кезеңінің әрбір әскери қызметші үшін маңызы зор. Себебі, осы кезеңнен бастап, әскерилерге теориялық, практикалық күйде мемлекеттік-құқықтық жауынгерлік, кәсіби-лауазымдық

дайындық сабақтары ұйымдастырылады. Алғашқы сабақтарды жеке құрамдарына бірінші болып, әскери бөлімдердің командирлері өткізді, – дейді тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі басқарма бастығы міндетін атқарушы, подполковник Еркебұлан Қаримов.

Оқу кезеңінде әскерилердің жауынгерлік дайындығын қамтамасыз ететін пәндер бойынша әрбір сатыдағы әскери қызметшілермен жарты жылғы жоспарларды толық және сапалы орындау жоспарда.

13.07.2023 ж. бастап 5 күн ішінде Бірыңғай экологиялық порталда «Көпфункционалды кешен салу (донғалақ ауыстыру, автожуу, автодүкен, қоғамдық тамақтандыру пункт)» жобасы бойынша ҚОКӘ бойынша жария талқылаулар жүргізілетіні хабарлаймыз. «KAZPROMAVTOMATIKA» ЖШС өндірістік цехы бар ӨТК.

Жобалық құжаттама <http://ecoportal.kz> орналастырылған. Бастамашы: «KAZPROMAVTOMATIKA» ЖШС, Жамбыл к-сі, 28, тел. 8 (7212) 502260

Өзірлеуші: «Ecoline ServicePlus» ЖШС, БСН 050640013557, тел. 8-701-4832827

Уведомляем, что с 13.07.2023 г. в течении 5 дней на Едином экологическом портале будет проводиться публичные обсуждения по РООС к проекту «Строительство многофункционального комплекса (шиномонтаж, автомойка, автогазозаправка, пункт общественного питания). АБК с производственным цехом» ТОО «KAZPROMAVTOMATIKA».

Проектная документация размещена на <http://ecoportal.kz>. Инициатор: ТОО «KAZPROMAVTOMATIKA», ул. Жамбыла, 28, тел. 8 (7212) 502260

Разработчик: ТОО «Ecoline Service Plus», БИН 050640013557, тел. 8-701-4832827

Хабарландыру

«Turan Resources Ltd.» ЖК Қарағанды облысында орналасқан Актас I және Актас II кен орындарының тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша рұқсат беру құжаттамасына жобалық материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 18.08.2023 жылы сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Балхаш к. а., Саяк кенті, Горняк бульвары көшесі, 48 (Горняк МС) мекенжайы бойынша өтеді.

Жобаның тапсырыс берушісі – «Turan Resources Ltd.» ЖК, БСН 221040900513, тел. 8 7172 24 72 80. Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кеңсе, e-mail: turanresourcecltd@mail.ru.

Жобаны әзірлеушісі – «Minerals Operating» ЖШС, БСН 181140023496, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 20/2, тел. 8 777 491 40 02.

Өсер ету аумағы – Қарағанды облысы, Саяк кенті. Жоба материалдарымен Бірыңғай экологиялық порталдың (БЭП) сайтында және «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кеңсе, e-mail: turanresourcecltd@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80 мекенжайы бойынша алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады – expertiza.upr_krg@mail.ru, тапсырыс берушісі – turanresourcecltd@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Онлайн қосылғыма сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/87020710406?pwd=aTRJQVRFS0dCdDYyWG9VSENBTVdKdz09>

Конференция идентификаторы: 870 2071 0406
Кіру коды: 509 939

Объявление

ЧК «Turan Resources Ltd.» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по проектным материалам к разрешительной документации по Плану горных работ месторождений Актас I и Актас II, расположенных в Карагандинской области. Слушания состоятся 18.08.2023 года в 11:00 по адресу Карагандинская область, Балхаш г. а., п. Саяк, улица Бульвар Горняков 48 (ДК Горняков).

Заказчик проекта – ЧК «Turan Resources Ltd.», БИН 221040900513, тел. 8 7172 24 72 80. Адрес: РК, г. Астана, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresourcecltd@mail.ru.

Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», БИН 181140023496, г. Астана, проспект Мангилик Ел, 20/2, т. 8 777 491 40 02.

Территория воздействия – Карагандинская область, п. Саяк. С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Единого экологического портала (БЭП) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в разделе «Общественные слушания». Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresourcecltd@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу – expertiza.upr_krg@mail.ru, заказчика – turanresourcecltd@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/87020710406?pwd=aTRJQVRFS0dCdDYyWG9VSENBTVdKdz09>

Идентификатор конференции: 870 2071 0406
Код доступа: 509 939

№178

Хабарландыру

«Ressource PV» ЖШС-ті Нұра-Талды кен орны үшін әсер етуге арналған экологиялық рұқсатты алуға өтініші бойынша ашық жиналыс негізінде қоғамдық тыңдау өткізетіні хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 8 тамыз сағат 16.00-де Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұраталды а.о., Қошқарбай ауылы, Мәдениет үйінде өткізіледі.

Нысанның операторы: «Ressource PV» ЖШС, Астана қ., Қонаев көшесі, 12/1 үйі, электрондық пошта: info@ressource-pv.kz.

Өзірлеуші: «ЦЕНТРЕКОНОСАЛТИНГ» ЖШС-ті, Абай обл., Семей қ., Поселок Степной көшесі, 133 үйі, 1 пәтер.

Өтінішке қосымша материалдардың электронды нұсқасы <https://ecportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында орналастырылған.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта арқылы алуға болады: info@ressource-pv.kz.

Жұртшылық өз ескертпелері мен ұсыныстарын Бірыңғай экологиялық порталға және Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының электрондық поштасына жібере алады: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Объявление

ТОО «Ressource PV» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Заявлению на получение экологического разрешения на воздействие для месторождения Нұра-Талды.

Общественные слушания будут проведены 8 августа 2023 года в 16:00 ч. в Доме культуры с. Кошкарбай Нұраталдинского с.о. Шетского района Карагандинской области.

Оператор объекта: ТОО «Ressource PV», г. Астана, ул. Кунаева, дом 12/1, электронный адрес: info@ressource-pv.kz.

Разработчик: ТОО «ЦЕНТРЕКОНОСАЛТИНГ», Абайская обл., г. Семей, ул. Поселок Степной, дом 133, кв. 1.

Электронный вариант пакета документов размещен на сайте Единого экологического портала: <https://ecportal.kz>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области. Дополнительную информацию можно получить по следующим электронным адресам: info@ressource-pv.kz.

Общественность может направить свои замечания и предложения на сайт Единого экологического портала и на электронный адрес Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области: expertiza.upr_krg@mail.ru.

№182

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

Қарағанды облысы: ауа райы

	4 шілде	5 шілде	6 шілде
Қарағанды қаласы	+28 +12	+27 +12	+21 +15
Абай ауданы	+27 +17	+27 +16	+23 +14
Ақтоғай ауданы	+24 +16	+23 +13	+25 +15
Бұқар жырау ауданы	+28 +19	+26 +16	+18 +14
Қарқаралы ауданы	+27 +18	+25 +15	+19 +13
Нұра ауданы	+27 +16	+28 +16	+25 +15
Осакаров ауданы	+26 +18	+28 +17	+22 +16
Шет ауданы	+27 +16	+24 +14	+23 +13

«ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Өдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44;
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06.

д

43-21-55


Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

ТОО «AlemGaz» проводит полугодовой отчет перед потребителями и иными заинтересованными лицами об исполнении утвержденной тарифной сметы и утвержденной инвестиционной программы компании за 1-е полугодие 2023 года, который состоится 28 июля 2023 года в 11.00 ч. в административном здании ТОО «AlemGaz», по адресу: ул. Г.Потанина строение 125/1.

№171

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Шертпе күйдің шебері



Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайында күйші, композитор Тоқа Шоңманұлының шығармашылығына арналған «Домбыра – халық мұрасы» атты танымдық кездесу өтті.

 Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тоқа Шоңманұлы – Арқа күйшілік мектебінің негізін қалаушы Тәттімбет Қазанғапұлының ізін басқан шәкірті. Шертпе күйді орындау мектебінің негізін қалаушылардың бірі.

Кездесуде тарихшы, археолог, Қарағанды облысының ғылыми-техникалық құжаттама мұрағатының меңгерушісі Темірғали Аршабеков ел ішінде «Сайдалы Сары Тоқа» атанған күйшінің шығармашылығынан сыр шертіп, жас ұрпаққа домбыраның шығу тарихы мен талантты күйшілер туралы мол мағлұмат айтты.

– Домбыра – Қазақстан халқының біріктіретін мәдени мұра. Бұл музыкалық аспапты қазақ үйінің төрінде кездестіруге болады. Ата-бабаларымыз күйші мен жырғауды әрқашан құрметтейтін. Біз өз дәстүрлеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтауымыз керек, – деді тарихшы.

«Ақжелең» домбыра үйірмесінің қатысушылары танымал күйлерді орындады. Ал, дәстүрлі ән үйірмесінің тәрбиеленушілері қазақтың халық шығармаларынан өнер көрсетті.

● БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

«Бұқарекен жырлайды»

Бұқар жырау аудандық Мәдениет үйінде өткен дүбірлі бәсеке әдеттегідей осылай аталды. Өйткені, ол осы аудан орталығы Ботақара кентінен бастау алып, осымен 16-шы рет ұйымдастырылып, дәстүрге айналып отыр. Мұнда сайысқа қатысушылар Бұқар жырау толғауларын жатқа оқу мен аспапта орындаудан, жыраулар поэзиясы үлгісінде жазған өлеңдерінен сынга түсті.



 Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Әуелде оны бастап, өткізуге мұрындық болған осындағы қазақ мектебінің мұғалімі Қалиаскар Шыныбеков еді. Мен ол кезде осы ауданның Мәдениет бөлімін басқаратынмын. Қалиаскар бұл сайысты 2 жылға жуық мектебінде өткізіп жүргенде аудан әкімдігі оған қолдау көрсетіп, мұндай байқауды аудандық, облыстық деңгейге жеткіздік, – дейді ұлттық өнердің жанашыры, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Мүгілсім Шиббаева.

Айтқандай-ақ, Бұқар жырау ауданының әкімдігі бұл жолы да жүлдегерлерді марапаттау үшін қомақты қаржы бөлген екен.

Мәртебелі шарада аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әлиев тізгіндеген қазылар алқасының құрамында Мүгілсім Шиббаева мен Қалиаскар Шыныбеков, аудан әкімінің орынбасары Әлия Шайкенова, кенттегі «Руханият» қосымша білім

беру орталығының ұстаздары Ақмарал Есіргетова мен Амантай Ақышев, аудандық кітапханалар жүйесі директорының міндетін атқарушы Гүләйім Жүмкенова болды.

Олар төрт аталым бойынша бағын сынаған жеткіншектердің өнері мен орындау шеберліктеріне әділ бағасын беріп, сайыс қорытындысында топтан озған жүйріктерге мадақтамалар мен ақшалай сыйлық сертификаттарын табыс етті.

Сол күнгі байқаудың «Жыршы-жыраулар сайысы» аталымында Бұқар жыраудың жыр-толғауларын белгілі бір аспапта мақамына келтіріп орындап беру сынынан мүдирмеген Дәулен Әділ көш бастады. Ал, «Бұқар жырауша» аталымында өз туындысын жыраулар поэзиясы үлгісінде жазып, мәнгерлеп оқу шартын мінсіз орындаған Айтуар Бекежанов І орынды қанжығасына байлады. Келесі «Бұқар жырау оқулары» аталымында Бұқарекеннің кемінде 10 шығармасын жатқа айту міндеті қойылды. Және бәйгеден үміткерлер

қазылар алқасы айтқан алғашқы өлең жолын әрі қарай іліп әкетіп, жалғастыруы тиіс болды. Мұнда Аружан Берікбаева басқалардан қара үзді. Ең соңғы «Әлемді түгел көрсе де...» аталымында Бұқар баба жырларын қазақ тілінде жатқа оқыған өзге ұлт өкілдерінің арасынан Руслан Гожаев суырылып алға шықты.

Бірнеше сағатқа созылған аламан тартыста оза шапқандар мен одан кейінгі орындарды бөліскендер де, басқа да қатысушылар сый-сияпаттан құр қалмады. Сайысты қорытындылаған қазылар алқасының төрағасы Асхат Әлиев: «Бүгінгі бәсеке Бұқар бабамыздың есімі мәңгі ұмытылмайтын және оның жауһар жырлары ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретінін тағы бір мәрте дәлелдеді. Енді алдағы уақытта оны облыстық деңгейде өткізбек ойымыз бар. Жалпы, Бұқарекен арналған мерейтойлық шаралар жыл аяғына дейін толас таппайды», – дейді.

Бұқар жырау ауданы

● ФУТБОЛ

Қарымта ойында айласын асырды

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы ел чемпионатының XIV турында сырт алаңда талдықорғандық «Жетісумен» кездесіп, 1:3 есебімен жеңіске жетті.

Бұған дейінгі Қарағандыда өткен ойында талдықорғандықтардың асығы алшысынан түскен. Ал, жерлестер қарымта ойында қарсыластарға есе қайтарып, ұпай айырмашылығын қысқартты.

Бірінші болып қарағандылықтар есеп ашты. Ойынның 40-шы минутында бұрыштамадан әуелете көтерілген допты Иван Свиридов қақпаға бағыттап, нәтижелі аяқтады. Бірінші таймға қосылған қосымша уақытта жерлестер есепті еселеді. Роман Мұртазаев әріптесінің асырған пасын қабылдап, қарсылас қақпасына дөп бағыттады. Осылайша бірінші тайм 0:2 есебімен тәмам.

Ойынның 77-ші минутында жетісулық шабуылшы Анес Рушевич есеп алшақтығын қысқартқан еді. Алайда, 83-ші минутта Роман Мұртазаев қарсылас қорғаушыларынан өтіп, әріптесі Франсиско Хавьер Миннага допты асырады. Оның күткені де сол еді, допты оң аяғына қойып, қақпадан саңылау тапты. Осылайша жерлестер «Жетісумен» қарымта ойында айласын асырды.



● АУЫР АТЛЕТИКА

Қарағандылықтар үздік атанды

Алматыда ауыр атлетикадан Ел чемпионатының VI жазғы спартакиадасы өтті. Қазақстанның түпкір-түпкірінен кіл мықтылар қатысқан байрақты бәсекеде қарағандылық спортшылар 5 алтын және 1 күміс медаль жеңіп алды.

Қыздар арасындағы бәсекеде 55 келіде бақ сынаған Дарья Балабаюк – 174 келіні (76+98), 81 келідегі Айша Омарова – 216 келіні (96+120), +87 келідегі Любовь Ковальчук – 250 келіні бағындырып, жеңімпаз атанды. Ал, ерлер командасының құрамынан 102 келіде сынга түскен Кирилл Староверкин – 350 келіні (160+190), 109 келіде Никита Абдрахманов – 355 келіні (162+193) бойынша асырып, жазғы спартакиада ойындарының чемпионы атанды. Ал, -96 келіде өнер көрсеткен Клим Башаргин – 345 (154+191) келіні бағындырып, күміс жүлдені еншіледі.

Сонымен қатар, 55 келіде сынга түскен Дарья Балабаюк 17 жасқа дейінгі жас санатында Қазақстан рекордын орнатты.

● ПАУЭРЛИФТИНГ

Ардагеріміз

ҚОС АЛТЫН ИЕЛЕНДІ

Пауэрлифтингтен Гонконг қаласында өткен Әлем чемпионатында бақ сынаған жерлесіміз Дәрібай Оспанов ардагерлер арасындағы абсолютті чемпион атанды.

70 жастан асқан жерлесіміз 83 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетті. Ардагерлерден құралған М-4 тобына түсіп, пауэрлифтингтің екі түрінен сынга түсті. Әуелі зейнеткер пауэрлифтингтің классикалық түрінен сынга түсті. Мұнда 130 келі зілтемірді көтеріп, еркін отырып, тұрды. 120 келі темірді жатып сығымдау әдісімен бағындырды. Ал, «станова таяғ» әдісімен 150 келіні бағындырды. Жалпы көрсеткіштер бойынша жерлесіміз 400 ұпай жинап, жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, ардагер спортшы экипировкалық түрінен бақ сынап, 460 келі ұпай жинады. Осылайша екінші алтын медальға ие болды.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»

Жарқырай түс, жас дарын!

Домбыра – көненің көзі, бабадан қалған асыл мұра, ұлттық рух. Ұлттық домбыра күніне орай Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен Орталық саябақта «Dara daуyn» дәстүрлі өнер кеші ұйымдастырылды.

Өнер кешіне жас жазба ақындар, күйшілер, дәстүрлі әншілер және жас айтыс ақындары қатысып, өз өнерін ортаға салды.

– Бұл – жас дарындарды қолдауға, насихаттауға, өнерін, шығармашылықтарын халыққа таныстыруға арналған жоба. Оның домбыра күнімен тұспа-тұс келгені-

ұсынылады, – деді «Dara daуyn» жобасының авторы Рауан Қайдар.

«Dara daуyn» жобасы – қазақтың төл аспабын асқақтату, жас өнерпаздардың талантын ашуды көздейді. Сонымен қатар, ұлттық болмысымызды кеңінен дәріптей отырып, дәстүрлі әндерімізді таратып, халықтың ай-



не ерекше қуаныштымыз. Жобаға қатысуға Қарағанды қаласынан, аудандардан, ауылдардан, өнер мектептерінен жас ақын, әнші, күйшілер ұсыныс білдірді. Жобаның алғашқы қадамын облыс орталығында бастауды жөн көрдік. Алдағы уақытта Павлодар қаласын, жақын облыстарды қамтиды. Республикалық деңгейде шығармашылық жобаның соңғы нүктесі Астанада қойылады. Онда гала-концерт көпшілік назарына

тасы тамашалауына, ән мен күй тыңдауына, қара өлеңмен сусындауына мүмкіндік беру мақсатында халыққа ұсынылып отыр, – дейді «Dara daуyn» жобасының ұжымы.

Кеш соңында жобаға қатысушыларға сый-сияпат жасалып, Алғыс хаттар табыс-талды.

Қарақат ҚҰРМАСHEBA,
Л.Гумилев атындағы ЕУУ-дың
II курс студенті

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қарасазда қалықтаған қара өлең

Дәстүрлі Мұқағали Мақатаев оқулары ақынның туған жері Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында өтті. Шараға еліміздің түпкір-түпкірінен 64 оқушы қатысты. Қарағанды қаласы №61 орта мектептің 10 сынып оқушысы Ақшархат Эшқұлова аталған байқауда бағын сынап, бас жүлдесін жеңіп алды.



 Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Поэзия әуесқойлары «Ақындық сайыс», «Жыр эстафетасы» және «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» атты үш номинация бойынша өнер сайыстырды.

Ақшархат Эшқұлова «Жыр эстафетасы» номинациясында бас жүлдеге лайық деп танылды. «Ақындық сайыс» аталымында да I орынды осы мектептің 9 сынып оқушысы Нұрғасыр Изат жеңіп алды.

– Ақшархат пен Нұрғасыр облыстық және республикалық оқуларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Мақатаев оқуларында ең қиын номинация Ақшархатта болды. Мұқағалидың «Аққулар ұйықтағанда», «Райымбек-Райымбек», «Алтай-Атырау» поэмаларын жатқа оқы-

ды. Осы санаттағы 19 қатысушы бір-бірін жалғастыра отырып, поэмалардан үзінділер оқыды. Нұрғасыр өткен Мақатаев оқуларында ақынның 120 шығармасын оқып, екінші орынға ие болған еді. Бұл жолы ол тағы 81 туындысын жатқа айтып, бірінші келді, – деді жеңімпаздардың баптаушысы № 61 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Дидар Төркекелдина.

Сондай-ақ, «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» номинациясында Райымбек ауданы әкімінің арнайы сыйлығымен Теміртау қаласындағы №2 мектептің 10 сынып оқушысы Шынар Бактыбаева марапатталғанын атап өткен жөн.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті


Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы м.а. –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтин, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген 

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмессе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖЗХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 463
№73
тапсырыс Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**